



Ақтөбеде қазақ руханиятының дәстүрге айналған мерекесі — «Әдебиет. Рух. Қоғам» халықаралық әдеби байқауының салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, белгілі ақын-жазушылар мен мәдениет майталмандары қатысты. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, белгілі жазушы Мереке Құлқенов модераторлық етті.

«Әдебиет. Рух. Қоғам» байқауы алғаш рет 2019 жылы форум ретінде бастау алып, уақыт өте халықаралық деңгейдегі беделді әдеби жобаға айналды. Жыл сайынғы дәстүрлі байқау аясында қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, сатира, балалар әдебиеті және аударма жанрларындағы үздік туындылар анықталады.



«ӘДЕБИЕТ. РУХ. ҚОҒАМ»

ӘДЕБИ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Салтанатты жиында құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Асхат Шахаров байқаудың рухани маңызын ерекше атап өтті.

— Осынау әдеби байқаудың негізгі мақсаты — кешегі байырғалы қаламгерлердің есімдерін ұлықтау және олардың жолын жалғап келе жатқан бүгінгі буынның шығармашылығын қолдау.

Әдебиеттің әр жанрындағы үздіктерді анықтау биыл да оңай болмаған секілді. Байқауға ұсынылған шығармалардың деңгейі жоғары, бірінен-бірі озып тұр. Бұл — қаламгерлеріміздің ізденісінің, қазақ әдебиетіне деген жауапкершілігінің белгісі.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Әдебиетті ешкім мақтаншы үшін жазбайды, ол мінезден туады, сөйтіп, ұлтының қажетін өтейді». Осы орайда қазақ әдебиетінің мәртебесін көтеріп жүрген барша ақын-жазушыларға ризашылығымды білдіремін. Қазақ әдебиетінің мерейі әрдайым биік болып, қаламгерлеріміздің қарымды туындылары халқы-

мыздың ізгілігіне айнала берсін, — деді облыс әкімі.

Жиында 2019 жылы «Әдебиет. Рух. Қоғам» байқауын алғашқы өткізуге өзінің жүйелі ойын ұсынған белгілі ақын Мейірхан Ақдәулетұлы сөз алды.

— «Әдебиет. Рух. Қоғам» байқауы бір дегеннен қолдау тапты. Әсіресе, билік тарапынан ерекше қолдауға ие болды. Соның арқасында байқаудың ауқымы кеңейіп, көркейіп, жыл сайын нығайып, елге өнегесі болар іске айналды. Алғашқы тағайындалған номинацияның саны 7-ден 11-ге жетті. 11 қаламгердің түрлі номинация бойынша сыйақы алуы — бүкіл әдебиетке жасалған жақсылық. Бүгінде «Әдебиет. Рух. Қоғам» халықаралық байқауы тек Ақтөбеге тән қозғалысқа айналып отыр, — деді Мейірхан Ақдәулетұлы.

Іс-шарада белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Түрксой» Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет сөз сөйлеп, байқау жұмысының маңыздылығын айтты.

— Форумға алғаш ұйымдас-тырылғаннан бері қатысып келе жатырмыз. Қазақтың атақтыларының, әдебиеттің классиктерінің есімдерін ұлықтауды мақсат еткен үлкен іс қазірде тілпін жандана түсті. Сол үрдіс, ізгі дәстүр, қадірлі Асхат Берлешұлы, сіздің тұсыңызда өрістеп жатқанына ризашылық білдіреміз. Күні кеше Мәнке бидің 350 жылдығы дүркіреп өтті. Қысқасы, бір ғана форум емес, Ақтөбеде әдебиеттің көп шаруасы тындырылып жатыр. Бұл шара — сөзге, өнерге, руханиятқа деген шынайы құрметтің көрінісі, — деді Ұлықбек Есдәулет.

Айта кету керек, биылғы додаға өліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден барлығы 140-тан астам шығарма қабылданды. Байқау нәтижесінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері атындағы 11 номинация бойынша үздік қаламгерлер марапатталды.

Сағи Жиенбаев атындағы номинация Индира Керееваға, Төлеген Айбергенов атындағы но-

минация Аманжол Исламғалиға, Тахауи Ахтанов атындағы номинация Гүлжайнар Қалдинаға, Үмбетбай Уайдин атындағы номинация Нұрлыбек Қалауовқа, Ізтай Мәмбетов атындағы марапат Ернұр Сейдахметке бұйырды.

Түркия елінің жас ақыны Фатих Сұлтан Йылмаз Қуандық Шаңғытбаев атындағы номинацияның жеңімпазы атанды. Бұл — қазақ әдебиетінің халықаралық ықпалының кеңейіп, мәдени байланыстардың нығая түскенінің айқын дәлелі.

Тағы бірнеше жеңімпаз түрлі номинация бойынша марапатталды. Сондай-ақ Қазақстанның құрметті жазушысы атағы қаламгерлер Төрежан Мәндібаев, Мейірхан Ақдәулетұлы және Ертай Ашықбаевтарға берілді.

Әр жеңімпазға 1 млн теңге көлемінде сыйақы табысталды. Сонымен бірге қазылар алқасының жоғары бағасын алған туындылары үшін облыс әкімінің ұсынысымен төрт қаламгерге 500 мың теңгелік арнаулы жүлде берілді.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

«АВТОПАРК» ЖАҢА АВТОБУСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Автопарк» ЖШС 80 жолаушыны бір мезетте тасымалдай алатын YUTONG 6116 маркалы жаңа автобустар №21 бағытта қызмет көрсетеді.

Облыс әкімі Асхат Шахаров пен қала әкімі Азамат Бекет серіктестікке барып, жүргізушілердің жұмыс жағдайы және қоғамдық көлікті жаңғырту бағдарламасының жүзеге асу барысымен танысты.

— Автопаркті жаңарту — қызмет сапасын, экологияны және қала тұрғындарының жайлылығын арттыруға жасалған маңызды қадам. Әсіресе қарбалас

ту 2022 жылы басталған. Осы уақыт ішінде жаңа 125 автобус сатып алынды. Жалпы, төрт жылда жұмсалған қаражат көлемі 10 млрд теңгеден асады. Компанияның балансында жалпы 285 автобус бар, оның 81 пайызы — заманауи көлік құралдары.

Қалған 19 пайызын автопаркті жаңғырту бағдарламасы аясында кезек-кезеңімен ауыстыру жоспар-



уақытта жолаушылар үшін жеткілікті автобустарды қамтамасыз ету қажет. Біз мемлекеттік қызметшілердің жұмыс кестесін таңғы сағат 8.30-ға ауыстырдық, бұл қоғамдық көлікті және жолдарды жеңілдетуге септігін тигізді. Болашақта Астана қаласындағыдай автобустарға арналған жеке жолақ енгізу мүмкіндігін қарастырамыз, — деді Асхат Шахаров.

«Автопарк» ЖШС директоры Ақарыс Тілеулесовтің айтуынша, кәсіпорында автобус паркін жаңар-

лануда. Соңғы төрт жыл ішінде №1, 2, 11, 13, 14, 15, 16, 19, 21, 22, 24, 25, 26 және 42 бағыттарда қызмет көрсететін автобустар жаңартылды. «Автопарк» ЖШС бүгінде барлығы 20 бағытқа қызмет көрсетеді. Компания бюджеттен бөлінген субсидия алады.

— Әлі де №3, 17, 37 және 43 бағыттардағы автобустарды ауыстыру қажет. №21 бағыттан босаған автобустар №37 бағытқа жіберілетін болады, — деді Ақарыс Тілеулесов.

Өз тілшіміз.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде өңірде цифрлық инфрақұрылымды дамыту мен жасанды интеллектті енгізу мәселесі талқыланды.



Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Әсет Отарбаев өңірде интернетке 274 елді мекен қосылғанын, бұл ауыл халқының 97,5 пайызын құрайтынын жеткізді. Бүгінде 14 ауылда мобильді интернетке қосу жұмысы жүргізілуде, ал халқы 100 адамнан аз 18 ауылды спутниктік OneWeb жүйесі арқылы қамту жоспарланған.

— Сондай-ақ «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 192 ауылда талшықты-оптикалық байланыс желісі орнатылады. 2026 жылдың соңына дейін өңірдегі 268 ауылда талшықты-оптикалық байланыс желісі іске қосылып, тұрғындар, мектептер, медициналық мекемелер және мемлекеттік органдар жылдам әрі тұрақты интернетпен қамтамасыз етілетін болады, — деді Әсет Отарбаев.

Оның айтуынша, цифрлық технологиялар денсаулық сақтау саласында да нақты нәтиже беруде. Мәселен, рентген, КТ және МРТ талдау үшін жасанды интеллектті қолданатын PACS жүйесі енгізілген. Шілде айынан бері шамамен 36 мың зерттеу жүргізілген, оның ішінде 34 пайызында жасанды интеллект патологияларды анықтаған.

Сондай-ақ Ақтөбеде телемедицина іске қосылды: аудан тұрғындары облыс орталығының мамандарынан онлайн кеңес алуға. «Яндекс. Карта» арқылы бірінші санаттағы жедел жәрдем көлігінің қозғалысын қадағалау жобасы жүзеге асырылуда.

Өңірде «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен Smart Data Ukimet негізіндегі аналитикалық шешімдерді енгізу бағытында әріптестік орнатқан. Бұл шешімдер ұлттық инвестициялық жобаларды мониторингтеуге, кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын талдауға, экологиялық жағдайды бақылауға және отын нарығының ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік салада «Отбасының цифрлық картасы» және азаматтардың өтінішін автоматты түрде жүктейтін E-otinish жүйесіне жасанды интеллект модулі енгізілуде. Облыс әкімі Асхат Шахаров цифрландыру қоғам дамуының негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтіп, цифрлық технологиялар басқармасына сапалық басқармалармен бірлесіп, Мемлекет басшысының Жолдауында қойылған міндеттерді ескере отырып, облыстың цифрлық даму стратегиясын әзірлеуді тапсырды.

Сондай-ақ республикалық маңызы бар автожолдар бойында инфрақұрылым салу үшін инвесторларды тарту және туристік аймақта сапалы интернеттің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігін жеткізді.

Жиында кадр даярлау мәселесіне баса назар аударған өңір басшысы жоғары оқу орындарымен, колледждермен және IT-орталықтармен бірлесіп, жасанды интеллект саласында мамандарды даярлау бағдарламасын әзірлеу керектігін де алға тартты.

Д.ҚАЗИХАН.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медицина саласына жасанды интеллект енгізу мәселелері қаралды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Сұлтангереевтің айтуынша, өңірде тіркелген 934 345 адамның 87,5 пайызы сақтандырылған. Салыстырмалы түрде айтқанда, бытыр бұл көрсеткіш 86 пайыз болған.

Мемлекет жүйеде тіркелген 23,8 мыңнан астам жұмыссыз азаматқа жарна төлеп отыр. Сондай-ақ облыстың бас дәрігері «Цифрлық отбасылық карта» бойынша отбасылардың әлеуметтік санаттары туралы мәліметтерді ұсынды. Бұл картада отбасылар бес деңгейге бөлінеді: қамтамасыз етілген (А) санатынан бастап, дағдарыстық (D) және шұғыл көмекке мұқтаж (Е) санатына дейін.

— 2026 жылы жергілікті бюджеттен D және E санатына жататын отбасылар мен олардың мүшелеріне толыққанды және сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында қаржы қарастыру жоспарланып отыр, — деді Е.Сұлтангереев.

Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Әлеуметтік меди-

циналық сақтандыру қоры аясында облыстың 53 506 тұрғыны тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Бөлінген қаражат артериялық гипертензия, темір тапшылығы анемиясы, глаукома және Паркинсон ауруы сияқты дерттерді емдеуге бағытталған.

Жиында медицина қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу мәселесі де қаралды. Бұған дейін әлеуметтік желілерде қаладағы бір емхананың жалақыны кешіктіріп жатқаны туралы ақпарат тараған еді. Облыс әкімі Ерлан Сұлтангереевке бұл жағдайды қатаң бақылауға алуды тапсырды.

— Дәрігерлерге жалақыны уақытты әрі тұрақты төлеу — денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі фактордың бірі. Қордың өңірлік филиалы қаражатты кешіктірмей аударуға тиіс, ал денсаулық сақтау басқармасы әрбір ұйымдағы төлемдерді бақылауы қажет, — деді Асхат Шахаров.

Аппарат мәжілісінде сондай-ақ жасанды интеллектті



денсаулық сақтау жүйесіне енгізу мәселесі талқыланды.

Өңір басшысының айтуынша, бұл технология әсіресе ауылдық жерлерде диагностика сапасын арттыруға, дәрігерлерге түсетін жүктемені азайтуға және медициналық қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру азаматтарға қолжетімді әрі мерзімінде медициналық көмек көрсету де маңызды құралы екенін атап өтіп, денсаулық сақтау басқармасы мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өңірлік



тар бойынша көлемі азайған. Қазан айында жағдай қайта қалпына келеді, — деді ол.

Ақбота ҚАЛДЫБЕК.

Өзекті

ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫ НЕДЕН ТУЫНДАДЫ?

Қыркүйек айында Ақтөбеде сұйытылған газ тапшылығы байқалды. Бүгінде жүргізушілер газ құю бекеттерінде ұзын-сонар кезекке тұруға мәжбүр.

Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Алмас Салықбаевтың айтуынша, бұл жағдай зауыттарда жүргізілген жөндеу жұмыстарына байланысты туындаған.

— Бұл мәселе, негізінен, сұйытылған газ өндіретін зауыттарда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына байланысты туындап отыр. Атап айтсақ, 12-19 қыркүйек

аралығында «Қазақойл Ақтөбе» және «Gas Processing» компаниялары жөндеуден өтті. «СНПС Ақтөбе Мұнай-Газ» компаниясы газды теміржол арқылы 17-24 қыркүйек, ал автокөлікпен 25-28 қыркүйек аралығында тасымалдамаған.

Қазір облыс аумағында 8 газ толтыру станциясы бар. Газдың барлық бағыт-

Жоба

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚТЫ САУДА АЛАҒЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ НОРМАТИВТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысында халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бекітілсін.
- «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.

қаулысымен бекітілген

Ақтөбе облысында халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері		
№	Өңір	1 мың адамға шаққанда шаршы метр
1	Ақтөбе облысы	572,8

Жоба

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 2025 ЖЫЛҒЫ IV ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНА БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ ШЕКТІ МӘНДЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11245 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысында 2025 жылғы IV тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.
- «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.

Ақтөбе облысы әкімдігінің «__»
202__ жылғы №__ қаулысына қосымша

Ақтөбе облысында 2025 жылғы IV тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауарлар атауы	Шекті мән (теңге)
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	272
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	210
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	449
4	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	503
5	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	339
6	Күнбағыс майы, литр	1010
7	Сарымай (түздалмаған, майлылығы кемінде 72,5% толықтырғыштар және есімдік майлары жоқ), килограмм	6193
8	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3554
9	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1913
10	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	581
11	Айран, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	574
12	Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм	2392
13	Картоп, килограмм	235
14	Асханалық сәбіз, килограмм	305
15	Басты пияз, килограмм	259
16	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	256
17	Ақ қант — құмшекер, килограмм	563
18	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	699
19	Ас тұзы («Экстра»-дан басқа), килограмм	103



ЕҢБЕК АДАМДАРЫН ЖЫРҒА ҚОСТЫ

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Жұмысшы мамандықтары жылы аясында жас ақындардың жыр бәйгесі өтті. «Еңбектің даңқы — елдің мақтанышы» атты қалалық мүшәйраға 17-24 жас аралығындағы қыз-жігіттер қатысқан.

Жас ақындардың әрқайсысы лаған қазылар құрамында Қазақстан Жазушылар одағының. Оның бірі — еркін тақырып, екіншісі — еңбек адамы арқау болған жырлар. Жастардың шығармашылығын бағалау, сондай-ақ қаладағы жастар ресурстық орталығының басшысы Өлішер Садық болды.

— Ел дамуы үшін күн сайын маңдай терін төгіп жүрген қарапайым жұмысшылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Қыркүйектің соңғы жексенбісінде атап өтілетін Еңбек күні — осы жандардың мәртебесін айшықтайтын мереке. Сондықтан, сондай-ақ қаладағы жастар ресурстық орталығының басшысы Өлішер Садық болды.

Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясы 2025 жылғы 9 қазанда жергілікті уақыт сағат 11.00-де, Қалалық мәдениет сарайында (Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жеңіс даңғылы, 31) Ақтөбе қаласы, Астана ауданының құрамдас бөліктерін атау бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясы 2025 жылғы 9 қазанда жергілікті уақыт сағат 10.00-де, «Геолог» мәдениет үйінде (Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын үй алабы, 30А) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданының құрамдас бөліктерін атау бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

«АРАЛ ПЕТРОЛЕУМ КАПИТАЛ» ЖШС
жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

- «Северный» учаскесінің жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары «жұмыс жобасына» Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі. Қоғамдық тыңдаулардың басталу күні мен уақыты: 6.11.2025 ж. сағат 15.00-де
Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме. <https://us05web.zoom.us/j/4332719548?pwd=NEdaaFkzY28rYkh1cXhFZmhnDNXpMQ09&omn=89602045974>
Конференция идентификаторы: 433 271 9548
Кіру коды: e2kyUf
- Ақтөбе облысындағы «Северный» учаскесінің келісімшарттық аумағының №316 ұңғымасын консервациялау жобасы «жұмыс жобасына» Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары. Қоғамдық тыңдаулардың басталу күні мен уақыты: 6.11.2025 ж. сағат 16.00-де
<https://us05web.zoom.us/j/88256988354?pwd=jjolXbkHrOHC3LevyTEGBWfUoYpQ1.1>
Конференция идентификаторы: 882 5698 8354
Кіру коды: S4Sr24
Өсер ету аумағы: Мұғалжар ауданы, Жағабұлақ ауылы 48°32' 52" / 57°33'45" Қоғамдық тыңдауды өткізу орны: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл а. о., Жағабұлақ а., н. Қаржаубаев к-сі 6 (ауылдық клуб).
Жобаның бастамашысы: «Арал Петролеум Капитал» ЖШС, БСН: 031141006263, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Келешек тұрғын алабы, 4, 3-пәтер, тел.: 8 (7132) 24-20-53.
Жобаны әзірлеуші: «АктобНИГРИ» ЖШС, БСН: 981140002504, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өлхан Бекейханов көшесі, 17, тел.: +7 (7132)40-63-40; geolog@anigri.kz
Қоғамдық тыңдау материалдарымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>), және жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады. Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы luikhou@mail.ru және 8-701-446-05-26 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ expert_oos@mail.ru Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша қабылдайды.

- Жобаның атауы:** «Сайғақ кен орнын игеру жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп
- Ықпал ету аумағы:** Участке аумағының географиялық координаталары 1. 49° 04' 49" с.е. 56° 35' 18" ш.б.; 2. 49° 06' 00" с.е. 56° 36' 18" ш.б.; 3. 49° 06' 14" с.е. 56° 37' 58" ш.б.; 4.49° 05' 37" с.е.56° 39' 18" ш.б.; 5.49° 04' 05" с.е.56° 37' 09" ш.б. Жобалау жұмыстары Ақтөбе облысы, Темір ауданы (49°08'38" с. е. 56°28'56" ш. б.) аумағында жүргізілетін болады.
- Қоғамдық тыңдаулар:** 2025 жылғы 4 қарашада сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңесту а.о., Қона а., Мектеп к-сі,14 мекенжайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді
Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/81375480086?pwd=6iT06ghrCG5bsRgV9yvtSV4bSgJZib.1>
Конференция идентификаторы: 813 7548 0086
Кіру коды: 307078
- Жоспарланған қызметтің бастамашысы:** «ТМ Мұнай» ЖШС, БСН: 230940032552, Астана қ., Нұра а., Сығанақ к-сі, 17-үй, 12-пәтер Контакт тел.: +7(701)-879-12-45, әл. почта: aliya_mardenova@mail.ru
- Әзірлеуші:** «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Гүлнәр Телеуішова. Байланыстар. Тел.: +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleishova.G@timal.kz
- Жоба материалдары сайтта орналастырылған:** <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>
- Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады:** «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел.: 8(7132)55-09-30, электронды мекенжай: expert_oos@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk> <https://ndbecology.gov.kz/>
- Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекенжайы мен нөмірі бойынша білуге болады:** Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleishova.G@timal.kz

«ӨРИҚТАУ ОПЕРЕЙТИНГ» ЖШС

5.11.2025 жылы сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл а.о. Жағабұлақ ауылы, Н.Қаржаубаев көшесі, №6 мекенжайында орналасқан Мәдениет үйі ғимаратында «Өріқтау кен орнында ДНС станциясында компрессорлық станцияны орнату. Түзету» жұмыс жобасына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша ашық жиналыс ретінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауға онлайн режимінде қосылу Microsoft Teams платформасына сілтеме арқылы жүзеге асырылады:
https://teams.microsoft.com/join/meetup-join/19%3ameeting_OWZIMjY3ODUINjA3YS00NmI2LWFmZmMlZjE5YjA4NGRjNWJ%40thread_v2I0?context=%7b%22Tid%22%3a%22d60f5e08-9c5f-4ae6-9337-6cc2ddd4382e%22%2c%22Oid%22%3a%2270e6b52b-a2a6-4dde-91e3-8c625193f4cc%22%7d
Конференция идентификаторы: 437 668 984 334 8 кіру коды 3Jh3nJ26.
Талпырыс беруші — «Өріқтау Оперейтинг» ЖШС, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 10, БСН 091040003677, Тел.: 8 (7132) 744-114, электронды мекенжайы: info@urikhtau.kz
Жобаны әзірлеуші — «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, БСН 180541015056, 060097, Атырау қ., Нұрсая шағын ауданы, Елорда даңғылы, 10. Телефон: 8 (7122) 956475 atyrau@kmg.kz
Жоба бойынша құжаттамалар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> БЭК сайтында орналастырылған.
Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: aktobe.urptr@yandex.kz тел.: 8 (7132) 55-09-30.
Қосымша ақпаратты ASultanova@kmg.kz электронды поштадан алуға болады, тел.: 87781004315.
Өріқтау кен орнының бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1.СЕ 48°26'10", ШБ 57°19'40"; 2. СЕ 48°26'02", ШБ 57°20'25".
Шығыс Өріқтау кен орнының бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1.СЕ 57°21'36", ШБ 48°22'42"; 2.СЕ 57°21'40", ШБ 48°23'18".

ЖАРНАМА БӨЛІМІ
90-71-55
aktobesmi@mail.ru

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «АХҚЗ» АҚ-да натрий монохроматы өндірісінде хромшпинель ұнтағын (ҚПШ) пайдалану.
Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoderp@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанова, 9 (кеңсе), тел.: 8 (7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 29.09.2025 ж. – 29.10.2025 ж.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УРУ00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер
Мейрамгүл САТАЕВА,

Кәмшат ҚОПАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның талпынысы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНАБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11665 Талпырыс №1113

Нөмірдің кезекші редакторы
Индира Өтемис